



201 жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201 года

№ _____

№ _____

№ исх: 20-8/1217 от: 18.05.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2017 жылғы 20 сәуірдегі № ДС-110 хатқа

Құрметті депутаттар!

Сіздердің жұмыс күші жетіспейтін өңірлерді жұмыс күшімен қамтамасыз етуге өңірлер арасындағы және демографиялық теңгерімсіздікті жоюға қатысты 2017 жылғы 19 сәуірде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында жарияланған депутаттық сауалдарыңызға келесіні хабарлаймын.

Халықты ұтымды қоныстандыру мәселесі Үкіметтің басым міндеттерінің бірі болып табылады және ол тұрақты бақылауда тұр.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған жаңа бағдарламасында (бұдан әрі – Бағдарлама) жұмыс күші көп өңірлерден жұмыс күші тапшы өңірлерге ерікті түрде қоныс аудару үшін ынталандыру шаралары көзделген.

Сондай-ақ «Серпін-2050» әлеуметтік жобасы жүзеге асырылуда, оның мақсаты – елді индустрияландырудың перспективалы жоспары негізінде өңірлерге қажетті мамандықтарды дәріптеу және еңбек ресурстарын тиімді бөлу.

Сонымен бірге, қазіргі уақытта әзірленіп жатқан 2021 жылға дейінгі Көші-қон саясатының тұжырымдамасы шеңберінде жұмыс күші тапшы өңірлерге халықты қоныстандыру үшін ынталандырудың қосымша шаралары қарастырылуда.

Бұдан басқа, Премьер-Министрдің 2017 жылғы 21 ақпандағы № 23-ө өкімімен шекара маңындағы аумақтарды дамыту жөнінде жұмыс тобы құрылды, ол қазіргі уақытта жұмыс күші артық өңірлерден солтүстік және солтүстік-шығыс өңірлердегі шекара маңындағы елді мекендерге халықты қоныстандыруды ынталандыру шараларын қарастырып жатыр.

Өңіраралық ықпалдастықтың дамуын қамтамасыз ету үшін ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында оңтүстік өңірлерде бос орындар жәрмеңкелері ұйымдастырылды, оған қатысқан 5 780 адамның ішінде 2 019 адам

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі мөлшерде жасалып, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСПІКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарарда міндетті түрде бұл бланк және күні көрсетілген керек. Бланк без сериялық нөмірі НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

18.05.2017 ЭҚАБЖ МО (7.20.0 нұсқасы) Копия электронного документа. Положительный результат проверки ЭЦП.

(672 отбасы) елдің солтүстік және орталық өңірлеріне қоныс аударуға қызығушылық білдірді.

Барлық қабылданып жатқан кешенді шаралар ескеріле отырып бүгінгі күні қоныс аударушыларды қабылдау квотасының санын ұлғайту мәселесі зерделенуде.

Өңірлік қоныс аударушыларды қабылдау квотасы жұмыс берушінің сұранысына қарай, өңірге қажет кәсіптерге және мамандықтарға сәйкес қалыптастырылады. Қоныс аударушылар үшін негізгі ынталандыру жұмыс орындарының, тұрғын үйлер мен әлеуметтік инфрақұрылымдардың болуы болып табылады.

Алдыңғы жылдардағы қоныс аудару тәжірибесі отбасылар топтасып ерікті көшетінін көрсетті. Бұл ретте отбасыларды топтастырып қоныстандыру талабын белгілеу орынсыз деп есептейміз.

Бағдарлама аясында мемлекеттік қолдау шарасы ретінде ерікті қоныс аударушыларға тұрғын үйді жалдауға және коммуналдық қызметтерге жұмсалатын шығындарды өтеуге ай сайынғы субсидиялар қарастырылған.

Сонымен бірге, қоныс аударушыларды жаңа тұрғылықты жерінде орналастыру мақсатында мүдделі мемлекеттік органдар тұрғын үйді жалдау үшін ай сайын төленетін төлемақыларды біржолғы төлемге ауыстыру мәселесін қарастыруда, бұл өз кезегінде, тұрғын үй алуға мүмкіндік береді.

Қоныс аударушыларды қоныстандыру үшін айқындалған өңірлерде оқушылар мен тұрғындар санының азаюына байланысты білім беру және денсаулық сақтау мекемелерін жабуға мораторий жариялауға қатысты ¹ Білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары желісін қаржыландыру және жұмыс істеуі белгіленген мемлекеттік желі нормативіне сәйкес жүргізілетінін атап өтеміз.

Білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарында белгіленген желі нормативі төмендеген жағдайда, олардың жұмыс істеуі мәселесі қоныстандыру үшін айқындалған өңірлерде елді мекендердің даму әлеуеті ескеріле отырып қарастырылатын болады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

¹ «Білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 1256 қаулысы және «Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 284 бұйрығы.